

Қарасу негізгі мектебінің
ұшқыр ой алаңы «Парасат» дебат
клубының 2022-2023 оқу жылындағы
жасалған жұмыстарының

ТАЛДАМАСЫ

Мақсаты:

Мектепке дебат қозғалысы бағыттарын идеологиясын қазақстандық оқушылары қазіргі заман, қоғам мен мемлекет өміріне табысты әлеуметтік және интеграциялау, жоғары адамгершілік-рухани, көп мәдениеттік жалпы құндылықтары мен патриоттығы негізінде азаматтық қалыптасу бірыңғай жүйе ретінде анықтау;

Қоғам санасында балалар мен жастар бейнесін қоғамның белсенді бөлігі ретінде нығайту.

Міндеті:

- өзін-өзі таныту және жалпы мәдени ой-өрісін, ұйымдастыру машықтарын, пікір-талас жүргізу дағдыларын, өз пікірі мен бағытын нақты қуатты дамыту үшін жағдайлар жасау;
- оқушылардың дебат қозғалысын дамыту механизмдерін анықтау;
- жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарына дебаттық қозғалыспен қамтылған балалардың үлесін үлкейту.

Қазан айында мектебімізде Республика күніне орай «Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан» атты дебат өткізілді. Дебат турнирінің өту барысы төмендегідей болмақ.

Мақсаты: атаулы күннің маңызын түсіндіріп, патриоттыққа тәрбиелеу.

№	Орындалатын жұмыс	Жұмыс түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1	«Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан»	Дебат	19.10.2022	8-9	Мұқышов Б

Апталыққа жоспарланған шара өз уақытында өткізілді. Апталық барысында 8-9 сыныптар аралығында «Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында пікірталас болып өтті. Оқушыларға дебат ойыны алдында Республика күнінің маңыздылығы туралы айтылды. Ойынға «Парасат» және «Шабыт» топтары пікір таластырып «Шабыт» тобы жеңіске жетті.



Қараша айында мектебімізде «Ұлттық құндылық – тәриє көзі» атты семинар-практикумында «Ұстаз құқығы бала құқығынан жоғары» тақырыбында дебат өткізілді. Дебат турнирінің өту барысы төмендегідей болды.

№	Орындалатын жұмыс	Жұмыс түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1	«Ұстаз құқығы бала құқығынан жоғары»	Дебат	22.11.2022	6,9 сыныптар	Мұқышов Б

Дебат турнирі жоспарлы өз уақытында өткізілді. Апталық барысында 6,9 - сыныптар аралығында «Ұстаз құқығы бала құқығынан жоғары» тақырыбында пікірталас болып өтті. Оқушыларға дебат ойыны алдында «Дебат» клубы жұмысының маңыздылығы туралы айтылды. Ойынға «Оратор» және «Диктатор» топтары пікір таластырып «Оратор» тобы жеңіске жетті. Диктатор тобының екінші спикері Алуова Асылжан үздік ойыншы атанды.



Қаңтар айында мектебімізде «Дебат» қозғалысы фракциясы бойынша «Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ» атты мектеп түлектерімен кездесу кеші өткізілді.

№	Орындалатын жұмыс	Жұмыс түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1	«Көзқарас: жаңа достық, жаңа мүмкіндіктер, жарқын болашақ»	Кеш	27.01.2023	7-9 сыныптар	Мұқышов Б

Студенттермен кездесу кеші жоспарлы өз уақытында өткізілді. Кеш барысында 7-9 сынып оқушылары студенттерге өз сауалдарын жолдап, болашақ маман иелері өз жауаптарын берді. Кешке келген студенттер қызықты оқиғаларымен бөлісіп, мектеп бітіруші түлектерге өз кеңестерін айтты.



Сәуір айында мектебімізде мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының Дебат қозғалысының фракциясы жоспарына сәйкес «Логика» ойыны өткізілді. Шараның өту барысы төмендегідей болмақ.

№	Орындалатын жұмыс	Жұмыс түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1	«Логика» ойыны	Ойын (жарыс)	13.04.2023	8-9	Мұқышов Б

Жоспарланған шара өз уақытында өткізілді. Ойын барысында 8-9 сыныптар аралығында «Логика» ойыны болып өтті. Оқушыларға ойын алдында адам ойының деңгейі жоғары, жүйрік екендігі баяндалып қызықты ақпараттар айтылды.





Мамыр айында мектебімізде «Ел ертеңі жастардың қолында» атты дебат өткізілді. Дебат турнирінің өту барысы төмендегідей болмақ.

№	Орындалатын жұмыс	Жұмыс түрі	Мерзімі	Сыныбы	Жауапты
1	«Ел ертеңі жастардың қолында»	Дебат	18.05.2023	9	Мұқышов Б

Жоспарланған шара өз уақытында өткізілді. «Ел ертеңі жастардың қолында» тақырыбында 9 сынып оқушылары арасында пікірталас болып өтті. Оқушыларға дебат ойыны алдында жастардың ұлт тұтастығы үшін маңызды тұлғалар екені туралы айтылды. Ойынға «Тәуекел» және «Шуақ» топтары пікір таластырып «Тәуекел» тобы жеңіске жетті.



2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер

Ойыл ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайдың толық адам философиясы» атты аудандық дебат турнирінен «Парасат» (кіші топ) дебат клубы алғыс хатпен марапатталды.

«Ұлттық құндылық – тәрбие көзі» атты тақырыбында өткізілген аудандық семинар-практикумында Дебат қозғалысының фракциясы аудандық білім бөлімінің басшысының алғыс хатымен марапатталды.